

## **2025-2026 оқу жылындағы мектеп асханасындағы балаларға берілетін ыстық тамақпен қамту жағдайы туралы анықтама .**

2026 жылдың 10 ақпан мен 14 ақпан аралығында әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың 1-4 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылуы бойынша мектепшілік бақылау жүргізілді.

2025-2026 оқу жылына бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастыру туралы, тамақтың сапалы берілуін тексеру комиссиясын құру туралы бұйрықтар бекітілді. Санитарлық ережелер мен талаптарға сай мектеп асханасы қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған. Арнайы тамақ сапасын тексеру комиссия мүшелері бақылау жүргізіп тұрады. Қазіргі уақытта мектебімізде 1-9 сыныптар арасында 23 оқушы білім алуда. Олардың 1-4 сыныптың 11 оқушы және 5-9 сыныптың 12 оқушы .

Мектеп асханасында тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы күнделікті бақыланып отырады.

Мектеп асханасын тексеру мақсатымыз, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу» қағидалары бекітілген мектеп асханаларында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргештер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге), оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың сапасын қадағалау.

Ас мәзірімен асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі, асхана қызметкерінің қызмет көрсету барысы мен сапасы, шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журналдың уақытында толтырылуын, бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігі қаралады. Мектеп медбикесі А.Бақтыбаева бірге ас сақтайтын қоймаларды және тоңазытқыштарды тексеріп отырады.

Оқушыларға ас мәзірі бойынша тамақ беріледі, оқушылар уақытында келіп тамақтанады, тегін ыстық тамақ тиісті мөлшермен беріледі. Қызметкер санитарлық талапқа сай қызмет көрсетеді. Дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журнал мектеп медбикесі тарапынан уақытында толтырылған.

Асханада берілген тамақ талапқа сай, тегін ыстық тамақ ас мәзірі бойынша беріліп отыр.



